Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Май ауданы білім беру бөлімінің «Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Павлодар облысы білім беру басқармасының, Май ауданы білім беру бөлімінің «Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылының өзін-өзі бағалау қорытындысы

Майтүбек ауылы, 2025 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының негізінде Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі (бұдан әрі қарай Майтүбек ЖОББМ) педагогикалық кеңестің 2025 жылғы 23 мамырдағы № 6 хаттама қаулысына, мектептің 2025 жылғы 6 мамырдағы «Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру мен жүргізу туралы» № 1-05/65/1 н/қ бұйрығына сәйкес мектептің өзін-өзі бағалауы өткізілді.

Өзін-өзі бағалауды сапалы өткізу үшін комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

1. Елуекеева Л.К. – мектеп директорының м.а., комиссия төрайымы;
2. Майманова А.А. – директордың ОІЖ орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Кайракбаева А.Б. – директордың ТІЖ орынбасары, комиссия мүшесі;
4.Яруллина М.С.– директордың ақпараттандыру жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Халийдолда О. – мекепке дейінгі ұйымның әдіскері, комиссия мүшесі;
6. Байбекова К.Е. – мектеп психологі, комиссия мүшесі.
7. Аманжолова А.Н. – мектеп психологі, комиссия мүшесі.

Ебжанова А.Б. – хатшы.

Майтүбек ЖОББМ комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы» № 12 бұйрығымен бекітілген бірыңғай тәсілмен ұсынылған өзін-өзі бағалаудың бағалау өлшемшарттарын басшылыққа ала отырып іске асырды.

**Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет**

**Білім беру ұйымының толық атауы:** Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің «Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға мәртебесіне ие, Қазақстан Республикасы МЖМБС талаптарына сәйкес келетін білім беру қызметтерін көрсету үшін жағдайлар жасауда мемлекеттік, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

**Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері):** Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140805, Май ауданы, Майтүбек ауылы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 20.

**Заңды тұлғаның байланыс электрондық поштасы** – maytubek@mayroo.edu.kz

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты- жөні, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы):** мектеп директорының м.а. Елеукеева Лайля Кадиргазыновна, Май аданының білім беру бөлімінің 2025 жылдың 31 наурыз, № 1-09/18 ж/қ бұйрығымен тағайындалды, байланыс телефоны: 87779824028.

**Құқық белгілейтін құжаттар:** Заңды тұлға мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы 2021 жылғы 12 қаңтарда берілді *(алғашқы тіркеу күні 1999 жылғы 12 ақпан).* Бизнес-сәйкестендіру (БСН) нөмірі 990240005339. **Құрылтайшысы:**

Павлодар облысының әкімдігі. «Павлодар облысы білім беру басқармасының, Май ауданы білім беру бөлімінің «Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Павлодар облысының қаржы басқармасының 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілді және 2021 жылғы 12 қаңтарда Ақсу қаласының ауданаралық әділет басқармасының заңды тұлғаны қайта мемлекеттік тіркеуінен өткізілді *(тіркеу ісі 598-1945-14-ММ).* Алғашқы тіркеу күні: *1999 жылғы 25 ақпан.*

**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).** «ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» ММ 2021 жылғы 1 наурыздағы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметімен айналысуға № KZ17LAA00025018 лицензиясы және оған № 001 қосымшасы және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың хабарламаны қабылдау туралы № KZ52RVK00033016 талоны негізінде білім беру қызметімен айналысады *(берілген күні: 2021 жылғы 19 ақпан).*

Павлодар облысы әкімдігі. Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 18022789 сериялы медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия және оған №№ 013, 041 қосымшалары. Алғашқы тіркеу күні: 2013 жылғы 18 қаңтар.

Павлодар облысы Май ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы «Майтүбек жалпы орта білім беретін мектеп» ММ-нің тенгеріміне бекіту туралы № 84/5 қаулысы негізінде жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) негізінде мектепті жедел басқару құқығында мынадай жылжымайтын мүлік объектілері бекітілді: ғимарат орналасқан мектеп ғимараты жер телімімен 2,7 га пайдалану жер учаскесі, кадастрлық нөмірі 14:210:119:163, литер А жалпы көлемі 2715,4ш/м, құрылыс көлемі 4445,6 ш/м және 0,1 га пайдалану жер учаскесі, кадастрлық номері 14-210-119-164. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 0299175 және № 0299176 АКТ-лері.

**Майтүбек ЖОББМ әкімшілігі туралы мәлімет.**

Мектеп директорының м.а. Елеукеева Лайля Кадиргазыновна – педагог-зерттеуші, математика пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 21 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Майманова Альмира Акылбековна – педагог-сарапшы, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 14 жыл

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қайрақбаева Алмагуль Базарбаевна – педагог-сарапшы, еңбек өтілі 16 жыл

Майтүбек ЖОББМ шағын жинақталған мектеп қатарында қызмет атқарып жатыр. Мектеп аралас тілді: қазақша және орыс тілінде. 5 күндік оқу аптасымен бір ауысымда жұмыс істейді. Оқу процесі 8-30 басталып 14-30 аяқталады. Мектеп құрылымында мектеп жанындағы мектепке дейінгі шағын-орталық пен мектепалды сыныбы қызмет атқарады.

Мектептің әдістемелік тақырыбы: ***«Білім мазмұның жаңарту жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыра отырып білім***

***сапасын көтеру»***

Мектептің миссиясы аясында келесі міндеттер атқарылды.

- Әрбір білім алушының жеке тұлғаның жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ең жоғары сапалы деңгейде негізгі орта және жалпы орта білім алуын қамтамасыз ету.

- Білім алушының динамикалық дамып жатқан ортадағы өмір сүру жағдайларына, әлеуметтік дамудың шынайылығына бейімделуіне ықпал ету.

- Жеке және кәсіби жоспарлар негізінде білім алушылардың өз болашағына саналы көзқарасын дамытуға жағдай жасау.

Даму бағдарламасы аясындағы жұмыс барысында мектептің инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Педагогикалық ұжым инновациялық қызметті дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады, оны оқу тәжірибесіне енгізілген жаңалықтарды жүзеге асырудың, меңгерудің, иеленудің мақсатты процесі ретінде анықтайды.

Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, мектепке келу, мектептен кету талондары, оқушылардың жеке істері, есеп карточкалары, негізгі орта мектеп курсын аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары, жалпы орта мектеп курсын бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітаптары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 «Білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыру талаптарының сақталуы, мектеп оқушыларының оқумен қамтылуы мәселелерін үнемі қадағалап отырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақытылы берілуі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке істері мен медициналық құжаттары бар.

Майтүбек ЖОББМ өзің-өзі бағалау бойынша 2023-2024 жылдар арлығында атқарылған қызметтерге сандық және сапалық көрсеткіштеріне толық талдау төмендегідей анықтама беріледі.

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жылдық талдауы**

Майтүбек ЖОББМ бойынша 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі 1 шағын-орталық пен 1 мектепалды даярлық сыныбы қызмет атқарды, оқыту тілі қазақша.

Мектепке дейінгі шағын-орталық (бұдан әрі қарай ШО) қызметін автоматтандыру “balabaqsha snation.kz” порталы арқылы жүзеге асырылады Балалардың ШО келуі “balabaqsha snation.kz” порталының жолдамасы бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс ресімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы ШО қабылдау туралы ата-ананың өтініші, ШО мен ата-аналар арасындағы шарт,

педиатр-дәрігердің анықтамасы жинақталады. Балалардың тізіміне сәйкес барлық жеке істерді жүргізу құжаттары жасақталды. Бағыттарды тіркеу журналдары, балалардың қозғалысын тіркеу кітабы, балалар қозғалысы және топқа отырғызу бойынша бұйрықтар, өтініштерді тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі.

ШО-да тәрбиеленушілердің жас ерекшелеіктерімен құрылған 1 топ қызмет атқарады, ондағы мектепке дейінгі оқумен және тәрбиеленумен 14 бала қамтылды. Топтардың жұмыс тәртібі мектепішілік күн тәртібі ережесінде бекітілгендей сағат 8.00-ден басталып 17.00-да аяқталады.

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сипаттасақ: Ерте жас – 2 бала, Кіші жас- , Ортаңғы жас- 4 тәрбиеленуші тәрбие алуда. Тәрбиеленушілердің саны аз болғандықтан топ құрамы әртүрлі жастағы 14 тәрбиеленуші көлемінде жасақталды.

**ШО-дағы тәрбиеленушілерді жас ерекшеліктері бойынша үлестіру**

| Топтағы тәрбиленушілердің жас ерекшеліктері | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|
| Ерте жас 1 жастан бастап | 1 | 2 |
| Кіші жас 2 жастан бастап | 5 | 3 |
| Ортаңғы жас 3 жастан бастап | 4 | 6 |
| Ересек жас 4 жастан бастап | 0 | 4 |
| **Барлығы** | **10** | **15** |

Кесте негізінде қорытынды жасасақ 2023-2024 оқу жылына қарағанда 2024-2025 оқу жылында тәрбиеленушілер саны 5 балаға көбейген екендігін көруге болады. Бұл 2,8% ға жоғарланғанын көрсетеді.

**Тәрбиеленушілерді жынысы бойынша үлестіру**

| Жынысы | 2023 – 2024 | % | 2024 – 2025 | % |
|---|---|---|---|---|
| ұлдар | 6 | 60 | 7 | 47 |
| қыздар | 4 | 40 | 8 | 53 |

**Қорытынды:** Өткен жылмен салыстырғанда қыздардың да ұлдардың да сандық көрсеткіші арқаны байқалады.

**МАД тәрбиеленушілерінің жас ерекшеліктері**

| Топтағы | 2023-2024 | 2024 – 2025 |
|---|---|---|

| тәрбиленушілердің жас ерекшеліктері | | |
|---|---|---|
| 5 жастағы | 1 | 2 |
| **Барлығы** | **1** | **2** |

Кесте көрсеткішіне сәйкес 2023-2024 оқу жылында бала санына қарағанда 2024-2025 оқу жылында 1,5%-ға арту динамикасын көрсетіп тұр. Себебі, Майтүбек ауылындағы жас нәрестелердің дүниеге келу қарқыны жылма- жыл төмен тенденцияға қарай қалыптасып келеді. 3 жылдық талдау бойынша жылма-жыл мектепалды сыныбына 5 жасқа толған балалар қабылдану үстінде.

2024-2027 жылдарын қарастыру талдауына сәйкес, 5 жасқа толған балалар арасынан мектеалды сыныбына қабылданатын балалар тек 2026-2027 оқу жылында болатыны анықталды, яғни 2026-2027 оқу жылында 6 бала мектепалды сыныбына келеді деген болжау жасалынды. Оған дейін осы жастағы балалар жоқ болғандықтан МАД ашылмайды деген де болжау бар.

**Мектепке дейінгі жасындағы ерекше білім беру қажеттілігінің талдауы**

Майтүбек ЖОББМ мектебінде мектепке дейінгі ШО пен мектепалды сыныбындағы (бұдан әрі қарай МАД) 1-5 жастағы тәрбиеленушілер арасында ерекше білімді қажет ететін балалар тіркелмеген.

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің базалық деңгейі**

Майтүбек ЖОББМ жанындағы ШО пен мектепалды даярлық сыныбының оқу-әдістемелік жұмысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық құжаттарымен бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, іске асырылады.

Мектепке дейінгі білім беру үдерісінде төмендегі базалық құжаттар басшылыққа алынды:

1. ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі МЖМБС) № 348 бұйрығы;

2. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» № 499 бұйрығы;

3.ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 557 бұйрығы *(өзгертулер мен толықтыру 12.05.2020 жылғы №195 және 14.09.2022 жылғы № 394 бұйрықтрының 1 қосымшасы).*

МАД бойынша апталық жүктемесі – 20 сағат іске асырылды. МАД сыныбында ОҚҰ 25-30 минутты құрайды.

ШО мен МАД бойынша сабақ кестелері құрылған, сынып журналдары уақытылы толтырылған. ШО мен МАД сыныбы бойынша құрылған перспективтік жоспар сабақ кестесімен сәйкес келеді, сабақ тақырыбы мен мақсаты көрсетілген. Сабақ барысына арналған циклограммалары құрылған, сәйкес келеді.

2024-2025 оқу жылы ұйымдастырылған білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС және МДТО ҮОЖ талаптарына сәйкес

жүргізілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын меңгерту, тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау, креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру көзделген мақсаттар бағдарламадағы оқу мақсаттарына сәйкес келеді.

МДТО ҮОБ-на сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін, бес білім беру салаларына негізделген пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларының мақсаттары мен міндеттерге қол жеткізу мақсатында өтпелі тақырыптар негізінде ұйымдастырылған білім беру қызметі МДТО ҮОБ-на сәйкес. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Денсаулық бұрышы, табиғат бұрышы, мұғалім бұрышы, бес білім беру саласы бойынша заттық-кеңістік дамытушы орта құрылып, жабдықталған. Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы орта құру, талапқа сай жабдықталған, эстетикалық талғамға сай. Балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, ұсынылған ұйымдастырылған оқу қызметтерінің бейнематериалынан көрініс тапты. Қимыл-қозғалыс ойындар құралдары, оқу-тәрбие процесіне пайдаланатын көрнекіліктер мен үлестірмелі дидактикалық материалдар жасалған.

Тәрбиеленушілердің МЖМБС меңгеру деңгейінің бастапқы, аралық және қорытынды мониторингісін жүргізу барысында тәрбиеленушілердің алғашқы жетістіктері қадағаланды. Нәтижелер «бақылау парағында» толтырылаған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы жасалған. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізу жоспарлары іске асырылған. Баланы дамытудың жеке картасында «түзету іс- шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер мен пән мамандары мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырған. ШО мен МАД бағалау критериясына сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілген. Мониторинг арқылы баланың жетістіктерін бақылау, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде оқыту барысын жетілдіру, баланың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау жолдарын қарастырып іске асырғаны анықталды.

2024-2025 оқу жылдарында МДТО және МЖМБС қамтамасыз ету мақсатында перспективтік жоспар негізінде тәрбиеленушілердің жас

ерекшеліктерін, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін ескере отырып жасақталған.

Циклограмма әр апта сайын жасалған. Балаларды қабылдаудан бастап, олардың әртүрлі іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеу, күндізгі ұйқы және балалардың үйге кетуі барлық режимдік талаптардың орындалуы қамтамасыз еттілген.

МДТО және МЖМБС қамтамасыз ету мақсатында ШО және МАД сыныбының перспективтік жоспары, циклограммасы, сабақ және күн тәртібінің кестелері мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілген және қамқоршылық кенесімен келісілген.

2024-2025 оқу жылында МДТО ұйымдастыру кезінде тәрбиешілер мен педагогтер 499 (өзгертулерімен 412) бұйрығы басшылыққа алынып іске асырылған. Сабақ барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып: ойын арқылы оқыту, балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, анымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету) бағыттарын орындағаны анықталды. МДТО ұйымдастыруда ШО және МАД тәрбиеленушілерінің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілгені байқалады.

**Мектепке дейінгі ШО және МАД педаготерінің құрамы**

| **Оқу жылдары** | **Педагогтер саны** | | |
|---|---|---|---|
| | **ШО** | **МАД** | **%** |
| 2023-2024 | 2 | 1 | 100 |
| 2024-2025 | 2 | 1 | 100 |

2024-2025 оқу жылында ШО мен МАД тәрбиешілерінің саны – 3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша жоғары білімі 67%, бір тәрбиеші арнаулы орта білімі 33%.

Балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі жоғары, кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отырады, мектепке дейінгі тәрбие әдістерін жетік меңгерген. Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасауда.

Мектеп бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім беру қызметі бойынша ШО мен МАД сыныптарда бала жоқ.

**Қорытынды:**

Майтүбек ЖОББМ жанындағы мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді оқуға сапалы дайындау үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Балалар дауыстап қиялдай алады, дыбыстармен және сөздермен ойнай алады. Олар ауызша сөйлеуді жақсы түсінеді, өз ойын, тілектерін анық жеткізеді. Балалардың жалпы және ұсақ моторикасы дамыған. Балалар әртүрлі іс-әрекеттерде, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары мен ережелерін, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және жеке бас гигиена ережелерін жақсы меңгерген, қызығушылық танытады, жақын және алыстағы

заттар мен құбылыстар туралы сұрақтар қояды, себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады, бақылауға, тәжірибе жасауға бейім.

**2024-2025 оқу жылында өткізілген мектепке дейінгі білім беру үдерісінің қорытындысына талдау**

Майтүбек ЖОББМ шағын жинақталған мектептер қатарында қызмет атқарады. Оқыту тілі аралас – қазақ және орыс тілінде. 2024-2025 оқу жылының басында 57 оқушы және МАД – 2 тәрбиеленуші, 10 сынып–комплект болды *(МАД сыныбын қоса алғанда 11 сынып-комплект)*. Сыныптың оқушылармен орташа толымдылығы 5,6 оқушыны құрайды. Сынып толымдылығы өте төмен болғандықтан мектептің бастауыш және негізгі сатысында біріктірілген сыныптар бар: бастауыш сыныпта оқыту тілі қазақша 3-4-пен және оқыту тілі қазақша 7-8-бен біріктірілген. Біріктірілген сыныптар бастауыш сатысы шоғырланған 5 сыныптан 4 комплект және негізгі саты шоғырланған 6 сыныптан 5 комплект сыныптары жасақталды. Оқытудың бастауыш сатысында 1-4 сынып – (4 сынып-комплект) – 22 оқушы, негізгі сатысында 5-9 сыныптар- 30 оқушы (5 сынып-комплект). 10-11 сыныптарда – 5 оқушы (1 сынып-комплект)

| **Сынып- комплект** | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Оқу жылы** | **1-4 сынып** | **5-9 сынып** | **10-11 сынып** | **1-11 сынып** | **0-сынып** | **0-11 сынып** |
| 2024-2025 | 4 | 5 | 1 | 10 | 1 | 11 |

**Білім алушылар контингентінің құрылымы.**

| **Р/с №** | **Контингент құрылымы** | **1-4** | **5-9** | **10-11** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Білім алушылар саны | 22 | 30 | 5 | 57 |
| 2 | Жалпы сыныптар саны/ білім алушылар саны | 5/22 | 6/30 | 1/5 | 12/57 |

**2024-2025 оқу жылында оқушылар саны.**

| Оқу жылы | 1-4 | 5-9 | 10-11 | 1-11 | МАД | 0-11 сынып |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 22 | 30 | 5 | 57 | 2 | 59 |

**Мектеп контигентінің сақталуы**

| **Оқу жылы басындағы және аяғындағы** | **Оқушылар саны** |
|---|---|

| | 2024-2025 |
|---|---|
| Оқу жылының басында | 57 |
| Оқу жылының аяғында | 56 |

Жоғарыдағы көрсеткіштер негізінде Майтүбек ЖОББМ 2023-2024 оқу жылына қарағанда білім алушылардың саны 2024-2025 оқу жылында 3 оқушыға кемігені анықталды.

**Қорытынды:** Майтүбек ЖОББМ шағын жинақталған мектеп. Жылма-жыл оқушылардың саны төмендеу динамикасын көрсетіп отырады. Осымен байланысты сынып-комплектілерінің саны да төмендеді. 3 жылдағы сынып санын салыстырғанда сынып- комплектерінің саны 1-4 сыныптар аралығында 1 сынып саны артып тұрса, 5-9 сыныптар арасында 1 сыныпқа азайғанын көруге болады.

**Шешу жолдары:** Мектеп басшылары, педұжым және 9-сынып ата-аналарымен ынтымақтастық құру арқылы білім алушылардың мектептегі білімді таңдау мәселесін тиімді шешу. 2024-2025 оқу жылында 9-сыныпты аяқтап, негізгі білім туралы аттестат алған білім алушылар саны 4. Солардың ішінен 3 түлек мектепте қалып білімдерін 10-сыныпта жалғастырады, ал 1 түлек колледжде білім алуға ниеттеніп отыр. 2024-2025 оқу жылында 10-сынып-комплектын ашу жағдайы қарастырылып, бекітіледі. Осылайша мектептегі сынып-комплетісі 2 сыныпқа артады бұл мектеп қызметінің ұтымды жағы деп анықтауға болады.

Оқушылар санының және сынып – комплектерінің санының арту үшін мектеп басшыларымен оқушылардың ата-аналары арасында мектепті қолдау ынтымақтастығы жан-жақты даму үстінде.

Майтүбек ЖОББМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Білім беру ұйымдарында білім беру қызметінде пайдаланылатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» № 472 бұйрыққа сәйкес әрбір білім алушыға оқушының жеке іс құжаттарын рәсімдейді, әліпби кітабіна енгізуді бақылауда ұстайды.

Оқушылардың келуі мен кетуі мектеп бұйрығымен, сондай-ақ ҰБДҚ және «Kundelik KZ» электрондық жүйелерінде тіркеледі.

**2024-2025 оқу жылының білім сапасы мен үлгерімі:**

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері білім алушылардың білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында басты міндет - білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту іске асырылды. 2024-2025 жылдың қорытындысы бойынша мектеп бойынша үлгерім 100%, білім сапасы 57,2% болды. Үлгермейтін оқушылар жоқ.

| Оқу | Үздіктер | Екпінділер |
|---|---|---|

| | 1 тоқсан | 2 тоқсан | 3 тоқсан | 4 тоқсан | жыл | 1 тоқсан | 2 тоқсан | 3 тоқсан | 4 тоқсан | жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 14 | 14 | 14 | 14 | **14** | 20 | 20 | 21 | 20 | **20** |

**2024-2025 оқу жылдағы оқушылардың білім сапасы**

| Оқу жылы | Барлық оқушы саны | % үлгерімі | % білім сапасы | 1-4 сыныптар | | 5-9 сынып | | 10-11 сынып | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үлгерімі | сапасы | үлгерімі | сапасы | үлгерімі | сапасы |
| **2024-2025** | 56 | 100 | 70,8 | 100 | 67,1 | 100 | 70,6 | 100 | 74,8 |

Оқушылардың 2024-2025 оқу жылдағы үлгерімін талдай отырып, 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда үздік екі білім алушыға және екпінділер саны бір білім алушыға артты. Бұл мұғалімдердің жоғары кәсіби дайындықтарын, сонымен қатар инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибесін жетілдіруді талап етеді. Мектеп ұстаздары сабақ үрдісінде сабақты зерттеу технологиясын қолдану белсенділігін артыру қажет. Осылайша үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар санын артуға септігі болады.

| Сынып | Оқу жылының соңында оқушылар саны | Соның ішінде | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Келесі Сыныптар ға көшірілуі | Мектепті «4» , «5» бітірген оқушылар саны | Мектепті «3» бітірген оқушылар саны |
| | 2024-2025 | 2024-2025 | 2024-2025 | 2024-2025 |
| **1-4** | 21 | 21 | 13 | 8 |
| **5-9** | 30 | 30 | 19 | 11 |
| **10-11** | 5 | - | 3 | 2 |

ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» № 125 бұйрығының *( өзгертулер мен толықтырлар енгізу туралы 2021 жылғы 17 сәуірдегі № 149, 2022 ж. 12 мамырдағы № 193, 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрықтары қоса алынды)* қорытынды аттестаттау жүргізілді.

**Негізгі және орта білім бойынша білім алушыларды аттестаттау**

| Оқу жылының соңындағы 9-сыныпты бітірген оқушы саны | Оның ішінде | | |
|---|---|---|---|
| | Мектепті бітірген оқушы саны | Үздік аттестатқа бітірген оқушы саны | Мектепті «4» пен «5»-ке бітірген оқушылар саны |
| 2024-2025 | 2024-2025 | 2024-2025 | 2024-2025 |
| 4 | 4 | 0 | 4 |

Талдау көрсеткендей, негізгі саты түлектерінің саны 4 балаға кемігені (кему көрсеткіші 50%). Оқушылардың білім көрсету деңгейі 2023-2024 оқу жылына (білім сапасы 59,6%) қарағанда – 70,7% -ды көрсеткені байқалады. Өсу динамикасы +11,1% құрайды.

**Ж а л п ы орта білім бойынша білім алушыларды аттестаттау**

| Оқу жылының соңындағы 9-сыныпты бітірген оқушы саны | Оның ішінде | | |
|---|---|---|---|
| | Мектепті бітірген оқушы саны | «Алтын белгі» бітірген оқушы саны | Мектепті «4» пен «5»-ке бітірген оқушылар саны |
| 2024-2025 | 2024-2025 | 2024-2025 | 2024-2025 |
| 5 | 5 | 2 | 1 |

Талдау көрсеткендей, негізгі саты түлектерінің саны 5, 2 оқушы мектепті «Алтын белгі»-мен бір оқушы екпінді аяқтады, жалпы сыныптың сапасы 60%.

## 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ

**Өзекті мәселесі:**

Критериалды бағалау - бірлескен жұмыс дағдыларын дамыту және оқуға деген ынтаны арттыру факторы.

**Мақсаты:**

Майтүбек ЖОББМ білім алушыларын мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім стандартына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұнына сай келетін нақты білім беру, оқытудың әдіс – т әсілдерін тиімді қолдану арқылы оқушының өз бетінше іздену әрекеттерін ұйымдастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, білім сапасын арттыру, және тұрақты кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіру үшін жағдай жасау көзделді.

**Міндеттері:**

1.Дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау арқылы оқушылардың оқу деңгейін сапалы арттыру, сондай-ақ оқушылардың білім беру прогресін жүйелі өлшеу, әрқайсысының жетістіктерін объективті бағалау;

2.Заманауи педагогикалық технологияларды зерделеуді жалғастыру және оларды практикаға белсенді енгізу;

3.Қалыптастырушы бағалаудың жаңа стратегияларын, әдістері мен тәсілдерін зерттеу және енгізу;
4.Жаңартылған білім беру мазмұнымен, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналармен ағарту жұмыстарын жалғастыру, оларды оқыту нәтижелерімен және оқушылардың жетістіктерімен жүйелі түрде таныстыру;
5.Оқу құрал, кітапты күтіп ұстауға,кешікпеуге, сабақтан қалмауға дағдыландыру;
6.Қалыптастырушы бағалаудың оңтайлы стратегиялары мен әдістерінің банкін құру;
7.ББЖМ, TIMSS, PIRLS Халықаралық зерттеулері аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру;
8.Мұғалімдердің кәсіби педагогикалық біліктілігін көтеру;
9.Сабақтар мен шараларды өткізу сапасын қадағалау.

**Күтілетін нәтижелер:**

1.Оқыту үдерісінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданады;
2.Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады;
3.Оқушылардың шығармашылықпен айналысуына бағыт-бағдар береді;
4.Білім сапасын жоғары деңгейге көтеру жолдары айқындалады.

Жоғарыда аталған міндеттерді орындау барысында білім беру үрдісінің с апасы мен оның нәтижесіне жету үшін стандарт, бағдарлама, оқулық, әдістемелік кешендерді басшылыққа алу қажеттілігі ескеріліп, әдістемелік отырыстарындада бастауыш сынып мұғалімдері Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген әдістемелік ұсынымдарға негізделе отырып жұмыстар ын жоспарлап атқарды. Алға койылған мақсат- міндеттерді атқару үшін жылдық, айлық, апталық жоспар бекітіліп, құрылды.

Бастауыш сынып ӘБ құрамында 5 мұғалім.

**Базалық 1-4 бастауыш білім беру деңгейін талдау**

Майтүбек ЖОББМ 2024-2025 оқу жылы мектептің жұмыстық оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірледі.

2024-2025 оқу жылында мектеп тарапынан білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алынды және оқу-тәрбие үрдісін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) № 348 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу

жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығының (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының № 1,2,3 қосымшасы);

ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау туралы» әдістемелік ұсынымдар;

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт - сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 Қаулысы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» № 125 бұйрығы *(өзгертулер мен толықтыру 17.04.2021 жылғы № 149, 13.05.2022 жылғы №193 және 13.04.2023 жылғы № 96 бұйрықтарының).*

ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» № 216 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 334 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» № 391 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығымен енгізілген);

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 564 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы;

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 Қаулысы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым «Білім беру

деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» № 292 бұйрығы

**6 жастан бастап 1 сыныпқа қабылдау**

| 1 сыныпқа қабылдау | 2024-2025 |
|---|---|
| МАД-тан келген | 2 |
| Мектепке дейінгі дайындығы жоқ балалар | 0 |

2024-2025 оқу жылында ата- аналардың қалауы бойынша мектеп жасындағы балаларды 6 жастан бастап 1- сыныпқа қабылдау «egov.kz» порталы арқылы жүзеге асырылды. Кесте көрсеткіштеріне сүйенсек 1- сыныпқа келген балалар саны 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда 2024-2025 оқу жылында 75% - ға кемігені анықталды.

Жалма-жыл 1-сыныпқа қабылданатын балалардың 100% -ы мектепке дейінгі дайындықты тәмәмдап келген балалар.

**2024-2025 оқу жылындағы бастауыш сыныптардың оқушы саны**

| 1-4 сынып | 2024-2025 |
|---|---|
| **Оқушы саны** | 21 |

Майтүбек ЖОББМ аралас тілде қызмет атқарады. 2024-2025 оқу жылында 4 қазақ сыныбы және 1 орыс сыныбы бар. Сынып-комплект қазақ тіліндегі 2 сынып біріктірілді (3 сынып пен 4 сынып). Оқыту үрдісін жүргізу мәселесі 5 бастауыш сынып мұғалімдері (4 мұғалім қазақша және 1 мұғалім орысша) арқылы іске асырылды. Жалпы 1-4 сыныптар аралығында мемлекеттік тілде білім алғаны 18 бала, орыс тілінде 3 бала.

**2024-2025 оқу жылындағы 1-4-сынып оқушыларының білім сапасы**

Мектептегі бастауыш сатыдағы білім беру жүйесінің негізгі нәтижелері 1-4 сынып білім алушыларының білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында басты міндет- білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту болып табылады. 2024-2025 оқу жылында 1-4 сынып оқушыларының білім көрсету қорытындысы бойынша үлгерімі 100%, білім сапасы 67,6% анықталды. Үлгермейтін оқушы жоқ. 2023-2024 оқу дылының жылдық талдау көрсеткішіне сәйкес жыл сайын білім сапасының өсіп келе жатқанын көруге болады.

**1-4 сыныптар бойынша білім сапасы**

| Оқу жылы | Барлық оқушы саны | 1-4 классы | |
|---|---|---|---|
| | | Үлгерімі | Білім сапасы |
| **2024-2025** | 21 | 100 | 67,6% |

**2024-2025 оқу жылындағы оқу озаттары мен екпінділер саны**

| Сыныптар | 2024-2025 |
|---|---|

| | озат тар | Екпін ді |
|---|---|---|
| **1-4** | 4 | 9 |

Оқушылардың 2024-2025 оқу жылының үлгерімін талдай отырып, үздік оқушылар екі білім алушыға және екпінді оқушылар бір білім алушыға артқанын көрсетеді. Үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізу мәселесі  тоқсан сайын ата-ананың, оқушының, мұғалімнің бірлескен ұжымдық жұмысы ғана қалаған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін көрсетті.

**Оқу бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаттары:**

-жаңартылған білім беру мазмұнын жетілдіру, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету;

-оқушы тұлғасының даралығына,  бірегейлігіне,  өзіндік ерекшелігінің қалыптасуы мен дамуы;

-білім  беру  үдерісін  ақпараттандыру  деңгейін  және мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық мәдениетін арттыру;

-оқу жоспарының инвариантік және вариативтік бөліктерінің, сондай-ақ оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарының бір-бірін толықтыруын қамтамасыз ету;

Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейді.

-бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орта жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету;

-оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың оқу процесінің әртүрлі формаларының тиімді үйлесімін, оның барлық қатысушыларының өзара әрекетін қамтамасыз ету;

-оқушылардың, оның ішінде дарынды балалардың қабілеттерін анықтау және дамыту;

-оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау және нығайту, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**Бастауыш инварианттік пәндер  бойынша  үлгерім**

**2- сынып**

| **Пәндер** | **2023-2024** | | **2024-2025** | | **Өзгеріс динамикасы** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **үлг** | **сапа** | **үлг** | **сапа** | |
| Қазақ тілі | 100 | 100% | 100 | 75% | -25 |
| Әдебиет оқу | 100 | 100% | 100 | 87,5% | -12,5 |
| Математика | 100 | 100% | 100 | 100% | |
| Жаратылыстану | 100 | 100% | 100 | 100% | |
| Дүниетану | 100 | 100% | 100 | 100% | |
| Орыс тілі | 100 | 100% | 100 | 87,5% | -12,5 |

Бұл кестедегі көрсеткішке сүйенсек жылма-жыл үлгерім 100% көрсетіп тұрғаның көруге болады. Білім сапасын 2023-2024 оқу жылымен  салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 100% дан 75%-ға, әдебиеттік оқу пәнінен 100% дан 87,5%- ға, орыс тілі 100%-дан 87,5%-ға кеміген байқалады.  Сабақта түрлі әдіс- тәсілдері қолданып, 2-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын және пәнге деген  қызығушылығын дамыту қажет.

**3-сынып**

| Пәндер | 2023-2024 | | 2024-2025 | | Өзгеріс динамикасы |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлг | сапа | үлг | сапа | |
| Қазақ тілі | 100 | 50% | 100 | 100% | +50 |
| Әд.оқу | 100 | 50% | 100 | 100% | +50 |
| Математ | 100 | 66,7% | 100 | 100% | +33,3 |
| Жаратыл | 100 | 50% | 100 | 100% | +50 |
| Дүниет | 100 | 50% | 100 | 100% | +50 |
| Орыс т | 100 | 50% | 100 | 100% | +50 |
| Ағыл т | 100 | 66,7% | 100 | 100% | +33,3 |

2024-2025 оқу жылы бойынша 3 сынып оқушыларының үлгерімі 100% көлемінде. Білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда әдебиеттік оқу пәнінен 50%-дан 100%-ға, математика пәнінен 66,7%-дан 100%-ға, ағылшын тілі пәнінен 66,7%-ден 100%-ға арқаны байқалады. Жалпы мектептегі 3-сынып оқушыларының инвариативтік пәндер бойынша білімді қабылдау деңгейі, оның ішінде есеп шығару, оқу, жазу сауаттылығының өсі динамикасын байқауға болады.

**4-сынып**

| Пәндер | 2023-2024 | | 2024-2025 | | Өзгеріс динамикасы |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлг | сапа | үлг | сапа | |
| Қазақ тілі | 100 | 57,1% | 100 | 80% | +22,9 |
| Қазақ тілі мен әдебиет (орыс сыныбы) | 100 | 75% | 100 | 33,3% | -41,7 |
| Әдебиеттік оқу | 100 | 57,1% | 100 | 80% | +22,9 |
| Әдебиеттік оқу (орыс сыныбы) | 100 | 75% | 100 | 0 | -75 |
| Математика | 100 | 57,1% | 100 | 80% | +22,9 |
| Математика (орыс сыныбы) | 100 | 75% | 100 | 33,3% | -41,7 |
| Жаратылыстану | 100 | 57,1% | 100 | 80% | +22,9 |
| Жаратылыстану (орыс сыныбы) | 100 | 75% | 100 | 66,7% | -8,3 |
| Дүниетану | 100 | 71,4% | 100 | 100% | -28,6 |
| Дүниетану (орыс сыныбы) | 100 | 75% | 100 | 66,7% | -8,3 |
| Орыс тілі | 100 | 42,8% | 100 | 80% | +37,2 |
| Орыс тілі (орыс сыныбы) | 100 | 75% | 100 | 0 | -75 |
| Ағылшын тілі | 100 | 71,4% | 100 | 50% | -21,4 |
| Ағылшын тілі (орыс сыныбы) | 100 | 50% | 100 | 66,7% | +16,7 |

2023-2024 жылдар аралығында оқушылардың үлгерім деңгейі 100% көлемінде. Білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 100% -дан 78%-ға, әдебиеттік оқудан 100%-дан 75%-ға, математикан 100%-дан 74%-ға, жаратылыстанудан 100%-дан 78%-ға, ағылшын тілі пәнінен 100%-дан 78%-ға кемігені байқалады. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдері қолдана отырып, 4-сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын д амыту жолдарын айқындап, нәтижелі деңгейге көтеру қажеттілігі әлі бар.

**1-4 сыныптар бойынша вариативтік сағаттар үлесі**

| Оқу жылы | 1-4 | Оқыту тілі | Таңдау пәндері | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 1-сынып | қазақша | Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті | 1 |
| | 2-сынып | қазақша | Көркем жазу<br>Қызықты математика | 2 |
| | 3-сынып | қазақша | Көркем мәтінді талдау | 1 |
| | 4-сынып | қазақша | Көркем мәтінді талдау | |
| | 4-сынып | орысша | - | - |
| | **Барлығы** | | | 5 |

2024-2025 оқу жылдарында 1-4 сыныптар бойынша тандау пәндері сабақ кестеге сәйкес уақытында жүргізіледі. Пән мұғалімдері оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, оқушылардың білім-білік дағдыларын, танымдық қабілеттерін арттырып, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамытуда.

**Бастауыш сыныптарда үй тапсырмасын орындау талдауы**
**2023-2024 оқу жылында үй тапсырмасын орындау кестесі**

| Пәндер | 2 сынып | 3 сынып | 4 сынып |
|---|---|---|---|
| Орыс тілі | 17 мин | 20 мин | 21 мин |
| Математика | 16 мин | 20 мин | 20 мин |
| Әдебиеттік оқу | 12 мин | 20 мин | 20 мин |
| Дүниетану | 10 мин | 9 мин | 9 мин |
| Жаратылыстану | 10 мин | 8 мин | 8 мин |
| Ағылшын тілі | - | 15 мин | 15 мин |
| Қазақ тілі | 12 мин | 18 мин | 18 мин |

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 Бұйрығымен Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілді. Осы бұйрықтың негізгі талаптарын орындау мәселесі Майтүбек ЖОББМ бойынша төмендегідей шешуін тапты.

Үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау бойынша ұсыныстарға сәйкес 2-сыныпта – 50 минут, 3-4 сыныптарда – 70 минутан іске асырылды.

I жартыжылдықта 1- сынып оқушыларына оқу жаттығуларынан басқа үй тапсырмалары берілген жоқ. Олар II жартыжылдықтан бастап 20 минуттан аспайтын көлемде оқу тапсырмаларын алып отырды.

Демалыс уақыты мен мереке күндері жалпы даму, жобалық жұмыс үшін көркем, қосымша әдебиеттерді оқу бойынша тапсырмалар берілді. Бастауыш сынып мұғалімдері тарапынан бақылау жұмыстарын жүргізгеннен кейін үй тапсырмасын беру ұсынылмады.

Бейнелеу өнері, Көркем еңбек, Музыка, жаҺандық құзыреттілі бойынша үй тапсырмасы басқа пәндермен интеграциялау арқылы іске асырылып отырды.

1-4 сынып оқушыларының жеке психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып үй тапсырмасы сабақтың әртүрлі (үй тапсырмасын тексеру (ең сирек жағдай көлемінде), жаңа материалды зерттеу, бекіту,сабақты қорытындылау) кезеңдерінде берілді. Сабақтағы өткен және үйге берілген оқу материалдарының көлемі 20-25% -дан аысрылмай пәнге, жасқа сәйкес орындалып отырды.

Бастауыш сынып мұғалімдері үй тапсырмасының нысаны мен мазмұның ауызша, жазбаша тапсырмалары нұсқаулықта берілген талаптарға сәйкес беріп отырды.

Сол сияқты қазақ (орыс) тілі мен математикадан тақырыптарды бекіту және білімді бақылау, дүниетануға, жаратылыстануға және әдебиеттік оқуға дағдыларын дамытуға, ойлау қабілетті кеңейтуге тапсырмалар талапқа сәйкес өткізеді.

Әртүрлі жаттығулар негізінде оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттыру тапсырмаларын визуалды (мысалы, көру жаттығуларын орындау кезінде), есту (ауызша әңгіме құрастыру кезінде), логикалық (зерттелген материалға схеманы жобалау кезінде), бейнелі және эмоционалды (тақырыпты, құбылысты ауызша сипаттау кезінде) пайдалану түрлері іске асырылып отырды.

Үй тапсырмасын ұйымдастыруда бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері: оқушыларды сабақ аясында үй тапсырмасы туралы қоңырауға дейін хабардар етеді. Үй тапсырмасын орындау үшін егжей-тегжейлі түсініктеме беруді ұмытпаңыз. Үй тапсырмаларының әртүрлі түрлерін оларды ұйымдастыруға сәйкес біріктіреді: сараланған; жеке; жұптасқан және топтық; шығармашылық; бүкіл сыныпқа бір. Олар жұмыстың болуын ғана емес, сонымен бірге оны орындау сапасын да тексереді, оқушылармен бірге қателіктер мен сәтті жұмыстарды талдайды. Оқушыларды үй тапсырмаларын орындауға ынталандыру үшін мұғалімдер журналға оң қалыптастырушы бағаларды қояды, басқа оқушылар алдында табысты көрсетеді, ауызша көтермелейді, шығармашылық сипаттағы жұмыстар көпшілік назарына ұсыну үшін сыныптағы стендке ілінеді.

Оқушылар үй тапсырмасын дайындау үшін ең көп уақытты келесі пәндерге жұмсайды: математика, қазақ тілі және ағылшын тілі.

**Қорытынды:**

Пән мұғалімдері үй тапсырмаларын жүйелі түрде саралайды, үй тапсырмасын тексеру үшін компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін пайдаланады.Пән мұғалімдері ауызша пәндер бойынша үй тапсырмаларын орындауға назар аударады. Шығармашылық тапсырмалар, мүмкін болса, бірнеше күнге беріледі және келесі

күні олардың нақты орындалуын пән мұғалімдері талап етпейді.Жазбаша үй жұмысының көлемі сыныпта орындалған жұмыс көлемінің үшінші бөлігінен аспайды.Міндетті түрде үй тапсырмасы, оның көлемінің мөлшері сараланған. Мұғалімдер үй тапсырмасы мазмұнының сабақ мазмұнына қатынасы мен сәйкестігіне, жеке ерекшеліктер мен медициналық көрсеткіштерді ескере отырып, үй тапсырмаларының оңтайлы көлеміне, үй тапсырмалары көлемінің уақыт шығындарының сәйкестігіне барынша назар аударады.Сынып жетекшілері ата-аналар жиналыстарында Санпиннің нормаларымен, үй тапсырмасын орындауға арналған кеңестермен, үлгілі режиммен тоқсан сайын жоспар бойынша өтікізілетін ата-ана жиналысында таныстырып отырады.

**2024-2025 оқу жылында 5-9,11- сыныптар бойынша базалық деңгейі**

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығының 6,7,16,17 қосымшалары.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығы, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарының 3 қосымшасы.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 1,2,6,7 қосымшалары.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының № 1,2,6,7 қосымшалары

ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау туралы» әдістемелік ұсынымдар;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» № 125 бұйрығы *(өзгертулер мен толықтыру 17.04.2021 жылғы № 149, 13.05.2022 жылғы №193 және 13.04.2023 жылғы № 96 бұйрықтарының).*

ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 «Короновирус инфекциясының таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығы.

ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы «Орта білім беру ұйымдарына арналған о қулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» № 216 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 334 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығы;

Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың (заңды тұлғалардың), қоғамдық ұйымдардың қызметі біріктіліп іске асырылды. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі өз жұмысын Қазақстан

Республикасы заңнамалары негізінде іске асырады. Алдын алу кеңесінің құрамына: Кеңес төрағасы(төрайымы) – мектеп директоры, Хатшысы, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар, жоғары сынып оқушылары, мектеп инспекторы енгізілді. Профилактикалық кеңес айына бір рет өткізіледі, арнайы жылдық жоспары құрылған. Кеңес жұмысына кеңес төрайымы-мектеп директоры басшылық етеді. Кеңес шешімі көпшілік дауысымен қабылданады. Кеңестің отырысы, барысы мен қабылданған шешімдері хаттамаланады. Хаттамалар дәптерге, қолмен толтырылады. Дәптер беттері нөмірленіп, тігіліп, мектеп директорының қолымен бекітіледі. Кеңесте қаралған құжаттар жүйеленіп, 3 жыл сақталады. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мақсат-міндеттері: кәмелетке толмағандардың караусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-педагогикалық оңалту. Тәртіп бұзған оқушылардың есепке алынуы немесе есептен шығарылуы осы Кеңесте шешіліп отырады. Профилактикалық кеңесте, сонымен қатар, психолог мамандардың сұрақтары, онда «Балалар агрессиясы, оның себептері мен салдары», «Темекі, алкоголь және есірткінің алдын алу» деген сияқты тақырыптар қозғалады және осындай балалар анықталса, олармен жұмыстың түрлері, нәтижелері ортаға салынады. Тәртіпбұзушылықтар жиі кездескен сыныптардағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүргізілуін тексеру, сонымен қатар білім алудан бас тартқан оқушылардың ата-аналарымен жұмыс қаралады. Әр сынып жетекшілер сыныбы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары және әлеуметтік категориялы балаларды анықтау бойынша талдау жасайды. Түнгі рейд нәтижелеріне талдау жүргізіледі.

Қорыта келе, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы-қылмыспен күресудің алдыңғы қатардағы бағыттарының бірі деп есептеледі. Оның сапалы орындалуы, алдын ала ескертілуі өскелең ұрпақтың денсаулығы және адамгершілігі үшін елеулі жағдайдың жасалуы. Ал алдын алу жұмыстары бойынша мектептің ерекше міндеті құықбұзушылықты ертерек анықтау болып табылады. Сондықтан мектеп психологтары, сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі бірлесе отырып, сауалнама, әртүрлі диагностикалық жұмыстар арқылы әр сыныпта «Қауіп» тобына кіретін оқушыларды анықтаудан бастайды.

**Мектепішілік қамқоршылық кеңесінің жұмысы**

2024-2025 оқу жылында «Қамқоршылық кеңесі» өз жұмыс жүйелі түрде атқару үстінде. Аудандық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген мектепішілік кеңес құрамында 9 адам жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Сарбасова Балгуль Галымжановна. Кеңес жұмысының жоспары бекітілді.

| № | Атқарылатын жұмыстар | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қамқоршылық кеңесінің жоспарын бекіту. Нормативтік құжаттармен танысу, негізгі бағыттарды анықтау. | Қыркүйек | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 2 | Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын өткізу | Тоқсанына 1 рет | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Білім беру ұйымының жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер енгізу немесе толықтырулар енгізу | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 4 | Мектепішілік барлық саладағы іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар) | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 5 | Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге демеушілерді тарту. | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 6 | Жалпы мектепішілік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің бірлескен жұмысы. | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 7 | 1-11 сынып оқушыларының әр тоқсан сайын «Мектепішілік бақылау» сынамаларын алу барысын бақылау. | Тоқсан сайын | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 7 | Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісіне енгізу үрдісіне қатысу. | Қыркүйек | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 8 | Дарынды балаларды қолдау | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |
| 9 | Мектеп оқушыларына әлеуметтік қолдау көрсету. «Мектепке жол», «Қамқорлық» т.с.с. қайырымдылық акцияларын өткізуге ат салысу | Жыл бойы | Қамқоршылық кеңесінің мүшелері |

Қамқоршылық кеңесінің міндеттері:

- мектеп жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау;
- мектеп ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру;
- білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету;
- мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау;
- Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту;
- ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру;

- Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру;
- оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

1.Сарбасова Б.Г.-қамқоршылық кеңесінің төрайымы
2.Кусманова А.К. - кеңес төрайымының орынбасары
3. Уматова Л.Т.- мүшесі
4. Киналиден А.К.- мүшесі
5. Баранова И.А.-мүшесі
6. Жанай М.-мүшесі
7. Гаманюк Е.Н.-мүшесі
8. Жетыбаева Г.О.- мүшесі
9. Подкенова Н.А.–мүшесі

**Бірлесіп өткізілген іс-шаралар:**

Майтүбек жалпы орта білім беру мектебінде Ұстаздар күніне орай "Ұстаз-мектептің жүрегі" атты тақырыпта 1-11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мектепшілік іс-шара өткізілді. Мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1 – 11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арнарған «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз!» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан туралы,оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету; Оқушыларды өз елін сүюге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүюге үйрету. Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің. Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,Тәуелсіз Қазақстан – елім менің- дей келе, мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Республикалық Бірыңғай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. Мектебіміздің 12 үздік оқушысы, әр түрлі олимпиадалар мен жарыстардың, байқаулардың, сайыстардың жеңімпаздары Республикалық бірыңғай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданды.

Майтүбек жалпы орта білім беру мектебінде 26.27 «Қош келдің жаңа жыл» атты тақырыбында сынып жетекшілермен аға тәлімгердің және Қамқоршылық кеңестің үйымдастыруымен Жаңа жылдық мерекелік кеш ұйымдастырылды. Қуанса бала қуансын деген мақсатпен Мектеп тарапынан Жаңа жыл қарсаңында жағдайы төмен 5 отбасына Әлеуметтік көмек көрсетілді

Қорытынды. Қамқоршылық кеңесі мектеп ұжымымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізеді. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсетуде тығыз жұмыс тар жүргізілді.

**ЖББ қорынан көрсетілген көмек**

| | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|
| Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінге қаражат | | |
| Қамқорлық акциясы | 100000 | 100000 |
| «Мектепке жол» акциясы | 100000 | 100000 |

ЖББ қорынан әр жыл сайын аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасы балаларына тегін көмек көрсетіліп отырды. «Мектепке жол» акциясы жыл сайын өткізіліп отырады, аз қамтылған отбасы балаларына демеушілер тарапынан көмек көрсетіліп отырады, сонымен қатар, мектеп ұжымы және ата-аналар белсенді қатысады. Мысалы, Кудерин Серикхан - аз қамтылған отбасы, баласы 7 сыныпта оқитын оқушысына киім-кешекпен, мектеп құралдарына мектеп ұжымы қаржылай көмек берді.

**ЖББ қорынан көмек алған оқушылардың санаттары**

| жылдар | Оқушы саны | санаттары | 1-4 | 5-9 | 10-11 |
|---|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 60 | Бала саны | 21 | 32 | 6 |
| | | оның ішінде: көп балалы отбасынан | 5 | 4 | 0 |
| | | толық емес отбасынан | 2 | 4 | 0 |
| | | жартылай жетім бала | 1 | 0 | 0 |
| | | Жетім /ААҚҚ (ОБПР) | 0 | 0 | 0 |
| 2024-2025 | 58 | Бала саны | 21 | 27 | 5 |
| | | **оның ішінде:** көп балалы отбасынан | 3 | 5 | 0 |
| | | толық емес отбасынан | 1 | 2 | 0 |
| | | жартылай жетім бала | 2 | 0 | 0 |
| | | Жетім /ААҚҚ (ОБПР) | 0 | 0 | 0 |

**Аудандық әкімшілік шыршасына қатысқан оқушылар туралы мәлімет**

| Оқу жылы | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|
| Бала саны | 1 | 4 |
| Жаңа жылдық сыйлықтары | жаңа жылдық кулек | жаңа жылдық кулек |

**Жетім /ААҚҚ / оқушыларының 2023-2024 оқу жылы мониторингісі**

| | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|
| Жетім қалған бала саны | 0 | 0 |

| | | |
|---|---|---|
| Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар саны | 2 | 2 |
| Аз қамтылған бала саны | 8 | 9 |
| **Жалпы бала саны** | **10** | **11** |
| Отбасы саны | 6 | 6 |
| Ұлдар | 5 | 5 |
| Қыздар | 4 | 4 |

**Жетім және ААҚҚ оқушылармен жұмыс**

| | **оқушылар** | **Қанат Адлен мен Плаксенко Александр** |
|---|---|---|
| 2024-2025 | Плаксенко Александр<br><br>Қанат Адлен | Тегін ыстық тамақпен қамтылды.<br>ЖББ қорынан қысқы куртка, аяқ киім, оқу құралдары, спорт киімі, бас киім берілді.<br>Мектеп ұжымынан 1 маусымға сыйлық ретінде кітаптар берілді.<br>Қалалық, аудандық әкім шыршаларына қатысып, сыйлықтар алды |

Жетім оқушылармен жұмыстың мақсаты мен міндеттері:
1.Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушыларды уақытында анықтау.
2.Ауылдық баланың құқығын қорғау органдарымен бірлесе отырып, оқушылардың болашақта өмірлік жолын табуға көмек беру.
3. Жетім балалардың психологиялық денсаулығын сақтау.
4. Қамқорлықтағы балалардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай туғызу.
5. Құқықбұзушылықтың және панасыз қалудың алдын алу бойынша қамқорлықтағы оқушылармен жүйелі жұмыс құру.
6. Қамқоршыларды отбасы тәрбиесі мәселелерінде ақпараттандыруды арттыру.
7. Отбасына материалдық көмек көрсету.
8. Қамқоршылар мен қамқорлықтағы балаларды құқықтық біліммен қамтамасыз ету.

Бұл оқушылармен жұмыс жыл бойына бекітілген жоспармен жүргізіледі. Жұмыстың әдістері: бақылау, жекелей әңгімелесу, сауалнама жүргізу, сенім ұялату.Жұмыстың мақсат,міндеттеріне орай мектепте келесі жұмыстар жүргізілді:

Оқушылар үнемі бақылауда, тоқсан сайын оқушылардың білімі, үлгерімі, сабаққа қатысуы, үйірме, секцияға қатысуы, олардың тұрмыстық жағдайы, сонымен қатар, қамқоршылармен қарым-қатынасы қадағаланып отырды, әрі отбасына әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетіліп, материалдық көмекпен қамтылды. Барлық оқушылар оқулықтармен, тегін ыстық тамақпен қамтылған.

**Жазғы демалыс лагерлер жұмысы**

Әр жыл сайын мектептен Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі

және орта білім беру комитетінің  ұйғарымымен Семей қаласы мен Түркестан облысына аз қамтылған оқушыларды экскурсияға  жіберіліп отырды. Лагерьге жіберілетін оқушылар: халықаралық, республикалық, облыстық байқаулар, олимпиадалар, спорттық жарыстардан жүлделі орын алған оқушылар, аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары және жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар жіберіліп отырды.

Сонымен қатар, жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған , көпбалалы отбасы балалары және жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар тегін  ауыл сыртындағы «Ақжелкен»,  мектеп жанындағы «ЖазғыLaive» лагерінде демалып отырды.

| | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|
| Республикалық «Жас даурен» лагері | 3 | 2 |
| Мектеп жанындағы «  ЖазғыLaive » лагері | 60 | 58 |
| Ауыл сыртындағы «Ақжелкен», лагері | 3 | 5 |
| Жалпы демалыспен қамтылған балалар | 60 | 58 |
| Пайыз көрсеткіші | 100 | 100 |

**Майтүбек жалпы орта білім беру мектебінің тәрбие бағыты бойынша**
**2024-2025 оқу жылының  жылдық талдауы**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»  ұстанымына негізделеді. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты

көзделеді.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

- ✓ қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді.

Бұл білім алушылардың бойындағы құзыреттер жиынтығын құрайды және білім беру ұйымы түлектерінің моделін айқындайды:

- ✓ ұлттық мүддені ілгерілету;
- ✓ тиімді қарым-қатынас және басқалармен ынтымақтастық орнату;
- ✓ қоғамға қызмет ету;
- ✓ этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау;
- ✓ инновациялық ойлау;
- ✓ идеялар мен проблемаларды шешуде стандартты емес тиімді әдістер қолдану

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айында біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсат міндеттерін жүзеге асыру барысында Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде тамыз айының соңында мұғалімдер отырысы ұйымдастырылды. Оқу жылының басталуына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Тәрбие жұмысының жылдық жоспары таныстырылды, тақырыптық жоспарлар құрылып, бекітілді.

1 қыркүйек – «Білім күні». «Мектеп – мейірім мекені» сынып сағаттарымен қоса 10 минуттық ауіпсіздік сабағы жүргізілді. (1,11 сыныптар). Білім күніне орай осы тақырыпта сынып сағаттар мен салтанатты жиын өтті.

https://www.instagram.com/share/reel/BAFymiz4Cm

Қыркүйектің 2-сі күні «Менің Отаным-Қазақстан» бірыңғай сынып сағаты өтілді.

https://www.instagram.com/reel/C_X7yrfIqlJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA

Әр аптаның бірінші күні «Менің Қазақстаным» ҚР Әнұранын орындап, сап түзеу жұмыстары жүріледі.

Оқушылардың жазғы демалысын қалай өткізгені туралы бейнеролик жасалып, желіге жүктелді. Мектепке алғашқы қадамдарын, қуанышты сәттерін де 1-сынып оқушылары бейнероликтермен жариялады.

https://www.instagram.com/reel/C_X8D_Goisb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні, қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдер бірлестігінің мұғалімдері ашылу салтанатын өткізді. Одан кейінгі күндерде эссе, көркем жазу іс-шаралары өтті.

https://www.instagram.com/reel/C_h3DNJo3fY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZ

5-13 қыркүйек арасында Қазақстан халықтарының Тілдері күніне арналған

«Тіл- татулық тірегі» атты кітап көрмесін кітапханашы өткізді. «Ана – тілім ардағым» тақырыбында диктант өткізілді (6-7 сыныптар арасында)

«Үнемді тұтыну» жаднамасы. Оқушыларға суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру 1-4, 5-7 сынып оқушылары арасында өтті.

"Алтын күз" мерекесіне арналаған күзгі жәрмеңке 1-4 сыныптар аралығында өтті. Мақсаты: «Арпа бидай ас екен, асыл күміс тас екен» - демекші, Күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан күздің берекелі, мерекелі кезін насихаттау. Оқушыларды талғампаздыққа, еңбекқорлыққа баулу, балалардың қызығушылығын арттыру барысында сыныптың жабдықталуына қаржылай үлестерін қосу. #біртұтас_тәрбие_pvl_mai #біртұтас_тәрбие_pvl #біртұтас_тәрбие
https://www.instagram.com/reel/DA8nuXCI8B5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының аясында «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында 1-5 сыныптар челлендж өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/C_yNoQBo9BU/?utm_source=ig_web_copy_link

9 - 20 қыркүйек адал және сатылмайтын еңбек туралы 1-4 сынып оқушыларына арналған суреттер сайысы жүргізілді. 20 қыркүйек 6-11 сынып оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сыныптан тыс іс-шараны мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлері, тәрбие орынбасарлары, сынып жетекшілері жауаптанып өткізді
https://www.instagram.com/reel/DAWYvloI7bg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының аясында 28 қыркүйек 1,5 сынып ата-аналарына арналған мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Тақырыбы: «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру». Сынып жетекшілер мен ДТІЖО және мектеп ұжымы өткізді.
https://www.instagram.com/reel/DAoWNK2o--s/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында Р.Қ.Қошқарбаевтың туған күні қарсаңында 2024жылғы 14 қазанда сағат 10:00-де ."Рақымжан Қошқарбаев.Рейхстагхқа тігілген ту" тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. #біртұтас_тәрбие_pvl_mai #біртұтас_тәрбие #біртұтас_тәрбие_pvl
https://www.instagram.com/reel/DBGnyx4IPTC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қазан айында «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру 1-4, 5-7 сынып оқушылары арасында өтті.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының жоспарына сәйкес"Ұстаздар күні"мерекесіне ұйымдастырылған "Даналық ұстаздан "атты челленджіне Майтүбек жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары белсене қатыса "Ұстазым"әнін орындады. #біртұтас_тәрбие_pvl #біртұтас_тәрбие_pvl_mai #біртұтас_тәрбие

Мұғалімдер мен 1-11 сынып оқушылары арасында денсаулық күніне орай ұйымдастырылған мектепшілік «Дені саудың –жаны сау» атты спорттық сайыстар өткізілді.

Денсаулық күні табиғат аясында ұйымдастырылды.Мақсаты: салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту. #біртұтас_тәрбие_pvl_mai @bilim_mai #біртұтас_тәрбие_pvl.Мақсаты:1. Оқушыларды салауатты өмір сүре білуге шақыру . Эстафеталық ойынға қызығушылығын арттыру. 2. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, достық пен ынтымақтасдыққа, елжандылыққа баулу.
https://www.instagram.com/p/DAQ411Hor6f/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
«Республикам – мақтанышым!» Республика күніне орай барлық сыныптарда сынып сағаттары өтілді.
https://www.instagram.com/reel/DBdf9n_IVJN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Аққу жоба аясында аудандық конкурста“Қыз еркем-қылығымен көркем аудандық сайысында “Еркеназ”клубының мүшесі 7 сынып оқушысы Сатыбалдинова Ақмарал 3 орынға ие болды. Клуб жетекшісі Жакупова А.А
https://www.instagram.com/p/DCgrXU_IrIw/?utm_source=ig_web_copy_link
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде 1-тоқсан бойында білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру жүргізілді
https://www.instagram.com/reel/DDHS3twISQC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DBdxKlYoZFE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
16-желтоқсан «Тәуелсіздік күні» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.Сабақтың мақсаты: оқушылардың өз еліне , жеріне деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыра отырып патриоттық сезімнің өзіндік ерекшелігі болатыны туралы ұғымдарын кеңейту және әр адамның міндеттері жайлы әңгімелеу арқылы түсіндіру.
https://www.instagram.com/p/DDbpTwYIr1E/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
“Қош келдің,Жаңа жыл”атты бастауыш сынып оқушыларында ертеңгілік өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/DEFQrjAIjWE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
5-11 сынып оқушыларымен "Қош келдің, Жаңа жыл!" атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік кеште оқушыларымыз дастарқан жайып, ән шырқап, өз өнерлерін сахна төрінде көрсетті. Сондай-ақ, қызықты ойындар ұйымдастырып, мереке би кешімен жалғасты.
https://www.instagram.com/reel/DEIWRZqoFHB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Майтүбек жалпы орта білім беру мектебінің 2024 – 2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық-мүде,ар-ұят,алғыс айту -,ілтипат,талап сияқты құндылықтарды басшылыққа алынып, жылдық жоспары құрылып және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының құжаттары қарастырылып, сабақ кестесі, жоспары сынып

жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді.

Майтүбек жалпы орта білім беру мектебінің 2024 – 2025 оқу жылында барлығы 58 оқушы. Мектеп бойынша себепсіз сабақ босатқан оқушылар анықталмады. 2024-2025 оқу жылының басында медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен бірлесе отырып, әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылды.

Жағдайы төмен оқушылар жөнінде мәлімет және отбасына қатысты құжаттарын жинап, тізімі жасақталды. Жаппай біліммен қамтуды ұйымдастыру бойынша бақылау комиссия отырысы өтті. 8,9 сынып оқушыларының әлеуметтік ортасын және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізілді, оқушылардың отбасылық жағдайы талданды. Сынып жетекшілермен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысы қадағаланды.

Әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері, психолог, сынып жетекшілер және әкімшілікпен іс-шаралар өткізілді.

Мектеп бойынша аз қамтылған отбасы оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Үнемі асхана жұмыстары тексеріліп, асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануы қадағаланады. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетілді. Жағдайы төмен отбасы үйлерін аралап, рейд жұмыстары жүргізілді.

1 қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім-мейрім мекені» тақырыбында салтанатты жиыны және сынып сағаттары өткізілді. Оқушылардың сыныптан тыс бос уақытын ұйымдастыру мақсатында үйірме, секция жұмыстары кесте құрылып, сол кесте бойынша өткізіліп отырды. Мектеп бойынша 4 үйірме және 3 спорттық секция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Үнем – қоғам қуаты», «Оқуға құштар мектеп», «Қызықты үзіліс», «Экоboom», «Жақсылық жаса», «Менің туым», «Еңбек –елдің мұраты», «Дәстүр мен ғұрып», «Family Day» жобалары және мектепішілік «Ұлттық құндылықтар» жобасы және «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы жұмыс жасады.

5 қыркүйек тілдер мерекесіне орай «ТІЛ-ДОСТЫҚТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ» Тілдер айлығы аясында,мектебімізде аталмыш тақырып бойынша апталық өткізілді, сонымен қатар «Language is the Golden Bridge of friendship» ағылшын тіліндегі сөздік ойыны және ағылшын тіліндегі «TAKE A PHOTO»ИНСТА-РАМКА ЧЕЛЛЕНДЖІ ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың тілге деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту. Белсене қатысқан оқушыларды марапаттау рәсімі өтті.

Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 2-7 қыркүйек аралығында мектепте «Денсаулық апталығы» өтті. Денсаулық күні бағдарламасы аясында Шағын орталықтың тәрбиеленушілері қозғалмалы ойындар ойнап, 1-3 сыныптар арасында «Көңілді старт»,5-7 сыныптар қыздар арасында «Пионербол», 5-7 сыныптар ұлдар арасында «Футбол», 8-9 сыныптар арасында «Волейбол»жарыстары өткізілді. Оқушыларды спорттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру,басты мақсаты болып табылады.

8 қыркүйек күні Астана уақытымен сағат 12.00-де дене белсенділігін арттыру

мақсатында республиканың барлық өңірінде аталмыш «FIZKULTMINUTKA» челенджі өткізілді. Мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары қатысып,біріңғай спорттық жаттығулар кешенін орындады.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРМАЛАРЫ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

2024-2025 жаңа оқу жылының басталуына орай тәрбие бағыты бойынша педкеңес өткізілді.Педкеңес барысында қазіргі уақыттағы тәрбиенің беталысы мен құндылықтар жүйесін анықтап, талдау жұмыстары жүргізілді. Педагогтар топтық жұмыс бойынша, өзекті мәселелерді талдап,өз көзқарастарын ортаға салды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы «Бақытты ата-ана,бақытты бала» жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Еңбек күні қарсаңында «Адам азамат-адал еңбек»флешмобы өтті. «ТӨРТ ТОҚСАН –ТӨРТ ӨНЕР», ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ –АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАНЫҢ аясында «Айтыс –құдіретті өнер» атты тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.

Қыркүйек айында аға тәлімгер Ебжанова Айгуль Бұзауовнаның ұйымдастыруымен мектеп Парламентінің Президентін сайлау өткізілді. Мектеп Президентіне 4 үміткер қатысты. Сайлау қорытыныдысы бойынша көп дауыс жинаған 11-сынып оқушысы Аманжолова Жансая сайланды.

Мектеп бойынша «Тоқта, буллинг» акциясы өткізілді. Акцияға барлық сыныптар белсен қатысты. Оқушылармен тәрбие сағаттары, тренингтер, пікірталас, ұйымдастырылды.

Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін – өзі басқару күні өткізілді. Жоғары сынып оқушылары мектеп мұғалімдерін тосын сый жасап,төл мрекелерімен құттықтады.

1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты құттықтау бейнероligін жасады.
Облыстық «ЭКО бум» жобасының «Күзгі сыйлықтар» акциясы, «Қолданылған батареяларды және ПВХ өнімдерін жою» акциясына мектеп оқушылары белсене қатысты.

25 қазан -Республика күніне орай «Отан туым» акциясы ұйымдастырылып,оқушылар ту суретін бейнелеп,мектеп терезелеріне орналастырды. Сонымен қатар Шағын орталық, МАД, 1-4 сыныптар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің елім-Қазақстан» патриоттық мәнерлеп оқу челленджіне оқушылар белсене қатысты. Республика күніне орай «Қазақстан еліне саяхат» суреттер байқауы ұйымдастырылып және 5-6 сынып оқушылары арасында БПФ форматында «Ұшқыр ой алаңы » дебат өткізілді.

25 қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған «Қыран елім-Қазақстан»атты патриоттық акциясы аясында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын орындауға Майтүбек жалпы орта білім беру мектебінің ұстаздаздары мен оқушылары белсене қатысты. Мәдениет үйінде «Республика күніне» орай мерекелік іс-шара өтті.

24-қазан күні МАД,бастауыш сыныптар аралағында «Мерекелі алтын күз»және 25 қазан күні 5-11 сыныптар аралығында «Күзгі бал» атты мерекелік іс-шаралар өткізілді.

Күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылды. Осы мақсатта үлгерімі төмен оқушылармен

жұмыс, мектепішілік пән олимпиадасына дайындық және пионербол мен волейболдан жарыс ойындары ұйымдастырылды.
Еріктілер сонымен қатар қайырымдылық жәрмеңкелерін, акциялар мен тақырыптық іс-шараларды үнемі өткізеді, олар қаражат жинауға және өзекті әлеуметтік мәселелерге назар аударуға бағытталған. Мұндай іс-шаралар мектеп оқушыларын, ата-аналарды және қала тұрғындарын игі істерде біріктіруге, өзара көмек мәдениетін және белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға көмектеседі.

Қамқор жобасы

Еріктілер сонымен қатар қайырымдылық жәрмеңкелерін, акциялар мен тақырыптық іс-шараларды үнемі өткізеді, олар қаражат жинауға және өзекті әлеуметтік мәселелерге назар аударуға бағытталған. Мұндай іс-шаралар мектеп оқушыларын, ата-аналарды және қала тұрғындарын игі істерде біріктіруге, өзара көмек мәдениетін және белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға көмектеседі.
Осылайша, «Алтын жүрек» өз қызметінің көкжиегін кеңейте отырып, өскелең ұрпақтың бойында жауапкершілік, мейірімділік және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыра отырып, сенімді дамуын жалғастыруда. Осы іш – шараларға : білім алушы – 15, ата-ана – 11 және 8 -педагог қатысты.

Еңбегі адал -Жас өрен жобасы

- Жоба аясында атқарылған шаралар сандық/сапалық көрсеткіш
- Охват:
  Білім алушы – 12
  Ата-ана - 16
  Педагог - 7
  Жоба аясында атқарылған шаралар:
- «Жылулық сыйлау» мейірімділігі акциясы ұйымдастырылды. «Құстарды аяла» экологиялық акцияға қатысты. «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» жобасы аясында қолөнер шеберімен кездесу ұйымдастырылып,тәжірибе бөлісті.

Smart Bala жобасы

• «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы
«Цифрлық әлемдегі қауіпсіз қадамдар» жобасын жүзеге асыру аясында сабақ кезінде және мектептен тыс уақытта ақпараттық қауіпсіздікті, кибермәдениетті, кибергигиена мен медиа сауаттылықты дамытуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде.
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Шабыт» жобасын жүзеге асыру аясында өткізілген облыстық, аудандық байқауларда Майтүбек мектебінің оқушылары жүлдері орындардан көріне білді.
Аудандық «Абай оқулары» : Аманжолова Жансая І орын, Жанат Аблай ІІ орын. Облыстық байқау «Әбіш оқулары» Базарбаев Мади, Аманжолова Жансая, Матаев Аблайхан, Салимбаева Диана, Ануарбекова Аяла 2 орын.
Аудандық «Мағжан оқулары» Жанат Аблай 2 орын.
Облыстық байқау «Музыкалық жанұя» Ворошилова Айлин (анасы Ворошилова Дана) Алғыс хатпен марапатталды.
«Буллингтен қорған!» жобасы

**Білім беру ұйымдарындағы «DosbolLIKE» балаларды қорлаудың**

**(буллингтің) алдын алу бағдарламасына сәйкес 5-11 сынып оқушылары үшін сабақтар негізінде іс-шаралар ұйымдастырылды.**
Бұл жоба дербестік пен жауапкершілікті, командада жұмыс істей білуді, өз пікірін ашық айтуды, стандартты емес өмірлік жағдайларда шешім табу мүмкіндігін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, оқушылардың назары шығармашылық іс-әрекетке, жағымды қарым-қатынас құруда өз әлеуетін түсінуге және пікірлес адамдарды табуға мүмкіндік береді.

Ата-аналарды қолдау орталығы

«Даналық мектебі» бағдарламасы ата-аналармен серіктестікті ерекше назарда ұстайды, себебі тек бірге балалардың дамуы мен рухани өсуіне дұрыс атмосфераны қалыптастыруға болады. Бұл бағдарлама әрбір баланың оқу орнының қабырғасында ғана емес, өзінің отбасында да қолдау мен түсіністік сезінуіне ұмтылады. Ата-аналармен ынтымақтастық – табыстың негізі. Ата-аналармен жұмыс тек маңызды құрамдас бөлік ғана емес, білім беру процесінің кілтті бөлімі болып табылады. Әрбір ата-ана – баланы тәрбиелеуде маңызды серіктес, және мектеп ата-аналардың балаларымен өміріндегі белсенді қатысушыларына айналуы үшін жағдайлар жасайды.

Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» КММ ұжымы республикалық «Ұлттық сезім жобасын қолдап белсене қаттысты.Біз ұлттық құндылықтарды дәріптейміз.

«Ауған соғысы» атты іс шарасына орай мектебіміздің 7-11 сынып ұлдары арасында әскери патриоттық сайыс өткізілді.

1 НАУРЫЗ -«Алғыс айту күні»аясында «Алғыс айту-парызым» тақырыбында сынып сағаттар,Мектеп парламенті «Балды BOX» ұйымдастырылды.Жомарт жандарға алғыс айтылды. Атап айтсақ 2024-2025 оқу жылында мектебімізге демеушілік көрсеткен жомарт жандарға «Құттықтау хаттары» табысталды. Шетелде оқып жүр, мектебіміздің түлектері құттықтау видеоларын жолдады. «Ардагер ұстаздарға, мың алғыс !» акция аясында құрмет көрсетілді. 1 наурыз –Алғыс айту күніне орай Майтүбек орта мектебінің ұйымдастыруымен 2024-2025 оқу жылының І жарты жылдық қортындысы бойынша Халықаралық,Республика облыс көлемінде жетістікке жеткен дарынды оқушылардың ата-аналарымен дөңгелек үстел өткізілді.

Халықаралық әйелдер күні аясында «Еліміздің ұлы әйел адамдары» атты сынып сағаттары өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары Қазақстанда жасалған атты облысттық жобасы аясында «Анама сыйлық» челенджіне қатысты.»Ана деген тіршіліктің тірегі» атты ертеңгілік МАД,1-4 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді. Мектебіміздің ортаңғы буын оқушыларының қатысуымен «8- наурыз Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай, аталмыш концерт өткізілді.

Наурыз мейрамы қарсаңында мектебіміздің ұстаздар қауымы мен «Келешек»өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары игі шара ұйымдастырды. Ауылдағы 70- тен асқан барша үлкен қарттарды наурыз мерекесімен құттықтап, өз сыйларын тарту етті. «Ұлттық киім күні» аясында 8 сынып оқушылары ауылымыздың «Шеберісмері» болып танылған бақытгуль Подкеновамен «Өнер сыры өрнекте» атты кездесу кешін өткізді. Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесі мектебімізде атап өтілді.
Бүкіл әлем бойынша наурыз айының соңында жыл сайын «Жер сағаты» халықаралық акциясы өткізіледі.

Мектебіміз «Оқуға құштар» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым»

республикалық челленджін қолдады.
«Таза Қазақстан» акциясының «Киелі мекен» бағыты бойынша мектебімізде тазарту жұмыстары жүргізілді. Мектебіміз Республикалық сенбілікке қатысты.
1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні аясында «Ынтымағы жарасқан туған өлкем» атты сынып сағаттары өткізілді.

2024-2025 оқу жылының аяқталуына байланысты бірыңғай мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: Жазғы демалыстың жұмыс жоспарымен таныстыру (мектеп жанындағы «ЖазғыLaive» жазғы сауықтыру лагері); Жазғы демалыс уақытында оқушылардың қауіпсіздігі; Өскелең ұрпақ арасындағы суицидтік мінез –құлықтың алдын алу; әр түрлі сұрақтар.
«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберінде қабылданған жоспарға сәйкес «Білімім Отаныма» тақырыбында 23 мамыр күні бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Жалпы өткізіліп отырған іс-шаралардың барлығы мектепішілік сайт пен әлеуметтік ресми парақшаларда жарияланып отырады. Оқушылардың, ата-аналардың мектеп сайтын, әлеуметтік желілерді қолдау белсенділігі жоғары.

Мектеп оқушылары аудандық, облыстық конкурстарда, спорттық жарыстарда жүлделі орындарды иеленді.

**Қорытынды:**

- «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсатына сәйкес жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.
- Оқушылар арасында ұлттық құндылықтар мен өлкетану,салауатты өмір салты құндылықтарын, рухани және шығармашылық мүдделер басымдықтарының қалыптасуына ықпал ететін үйірмелер мен «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар мен жастар ұйымының, «Адал ұрпақ» клубы жұмысын белсенді ұйымдастыру, шаралардың жоба форматында сапалы әрі, тиімді іске асуын қадағалау.
- Сынып жетекшілер жұмысын жүйелеу, мәртебесін арттыру арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

**Күтілетін нәтиже:**

Белсенділігі жоғары, өз мүмкіндігін ынтымақтаса отырып, қолдана алатын оқушыны қалыптастыру.
Оқушылар белсенділігі мен сынып, мектептегі психологиялық ахуалдың қалыпты жағдайда болуы.Сыныптың тәрбие жұмысы жүйесін қалыптастыру. Ата-аналармен серіктестік жүйесін жетілдіру.

**Ұсыныстар:**

Оқушылардың белсенділіктерін арттыру,
Отбасы және мектеп ынтымақтастығын нығайту.
Сынып жетекшілерге оқушыларды іс-шараларға белсенді қатысуына ықпал ету.

**Тәрбие бойынша оқушылардың жетістіктері туралы**

| Конкурс атауы | аудандық | | | Облыстық | | | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **орын** | **I** | **II** | **III** | **I** | **II** | **III** | |
| Қыз ерке қылығымен көркем | | | 1 | | | | Сатыбалдинова Акмарал 7 сынып Диплом 3 орын |
| Жас құтқарушылар | | 1 | | | | | Жанат Аблай 7 сынып Тогамбеков Асанали 7 сынып Ахметбек Нурай 8 сынып Ахмедиев Санжар 7 сынып Бекжанова Саяна 8 сынып Матаев Аблайхан 9 сынып Базарбаев Мади 9сынып Диплом 2 орын |
| Жас инспекторлар | | 1 | | | | | Бекжанова Саяна Ахметбек Нурай Зиядаева Аяулым Нурланова Нурия Тогамбеков Асанали Жанат Аблай Ахмедиев Санжар Диплом 2 орын |
| Жас жауынгер (Мирас | | 1 | | | | | Ахмедиев |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| клубы) | | | | | | | Санжар Жанат Аблай Матаев Аблайхан Базарбаев Мади Мұқатай Ыдырыс 2 орын диплом |
| Аудандық «Абай оқулары» : | 1 | 1 | | | | | Аманжолова Жансая I орын, Жанат Аблай II орын. |
| Облыстық байқау «Әбіш оқулары» . | | | | | 1 | | Базарбаев Мади, Аманжолова Жансая, Матаев Аблайхан, Салимбаева Диана, Ануарбекова Аяла 2 орын |
| Аудандық «Мағжан оқулары» | | 1 | | | | | Жанат Аблай 2 орын. |
| Облыстық байқау «Музыкалық жанұя» | | | | | | | Ворошилова Айлин (анасы Ворошилова Дана) Алғыс хатпен марапатталды. |

**Аудандық спорт жарыстары бойынша нәтижелер**

| № | Секция | Орындар |
|---|---|---|

| | | 2023-2024 | 2024-2025 |
|---|---|---|---|
| 1 | Стритбол | - | - |
| 2 | Кросс | I орын | - |
| 3 | Мылтық ату | II орын | I орын |
| 4 | Шахмат | - | |
| 5 | Тоғызқұмалақ | I орын | I орын |
| 6 | Волейбол - қыздар | - | I орын |
| 7 | Волейбол - ұлдар | - | I орын |
| 8 | Тенис - қыздар | - | - |
| 9 | Теннис үстелі - ұлдар | - | - |
| 10 | Футбол 5-6 сыныптар | II орын | I орын |
| 13 | Асық ату, бес тас | III орын | - |

**Аудандық спорт түрлері бойынша жарыстарының нәтижелері**

| Оқу жылдары | Волейбол | Футбол | Теннис | Тоғызқұмалақ |
|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 | II орын | II орын | I орын облыс II орын | - |
| 2024-2025 | - | II орын | - | I орын |

**Қорытынды**

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы «Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің бағаланатын кезеңдегі барлық бағыттар бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелілігіне терең өзіндік талдау жүргізді. Өзін-өзі бағалау материалдарына сараптама жүргізе отырып, «Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің сараптау комиссиясы:

1.Оқу - тәрбие процесі мен әдістемелік жұмыс ҚР Білім беру мекемелерінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, мектеп Жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылған. Оқу-тәрбие процесі ҚР МЖМБС және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған;

2.Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің МЖМБС талаптары мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес және қолда бар) бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестесінің көшірмелері

қоса берілген;

3.Инвариантты компонент, вариативті компонент және таңдау бойынша курстардың жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрықтарымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер, вариативті компонент пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылған;

4.Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталады және оқу жүктемесінің жалпы көлеміне сәйкес келеді;

5.Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың талаптары сақталады 6.Педагогикалық ұжым тұрақты, білікті. Курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспары бар және іске асырылуда. Педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша үлкен әдістемелік жұмыс жүргізілуде;

7.Тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың руханиадамгершілік, азаматтықпатриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылады:

8. Вариативті компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру сәйкес жүзеге асырылады;

9. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» және «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курстарын зерделеу нұсқаулық-әдістелелік хаттарға сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізіледі;

10. Ақпараттық кітапханалық қамтамасыз ету облыстық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Жаңа буын оқулықтарының түсуі есебінен кітап қорының ұлғаюы серпіні байқалады. Оқушылар оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен қамтамасыз етілген;

11. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы орындалады. Медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

12. Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы орындалады. Мектепте асхана, ыстық тамақ дайындауға қажетті жабдықтары бар ас үй, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан білім алушылардың мәртебесін құжатпен растаған және жергілікті бюджет есебінен тегін негізді қамқорлыққа алынған білім алушылардың тамақтануы ұйымдастырылған;

13. Өзінің оқу-материалдық базасының болуы;

14. Сыныптар бойынша оқу мерзімі, оқу жылының ұзақтығы және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтарына сәйкес келеді деген баға берді.

ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығының барлық өлшемдері бойынша мектептің 2021-2025 оқу жылындағы жұмысын талдағаннан кейін, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының негізінде білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде жоғарыда атап көрсетілген комиссия мүшелері білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес Майтүбек ЖОББМ білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарды, вариативті компонент пен үйірме жұмысын ескере отырып, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің базалық деңгейлері дұрыс толығымен орындалғаны туралы «жақсы» деген баға берді.

Өзін-өзі бағалау қорытындысын Комиссия 2025 жылғы 23 мамырда жоспардан тыс педагогикалық кеңестің отырысында қарады және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізді.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы қамқоршылық кеңестің отырысында, басшының өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы баяндамасында қаралды.

| | |
|---|---|
| Комиссия төрайымы: Елеукеева Л.К. (Т.А.Ә) | (қолы) |
| Мүшелері: Майманова А.А. (Т.А.Ә) | (қолы) |
| Шарипжанова И.С. (Т.А.Ә) | (қолы) |
| Кайракбаева А.Б. (Т.А.Ә) | (қолы) |
| Ебжанова А.Б. (Т.А.Ә) | (қолы) |
| Яруллина М.С. (Т.А.Ә) | (қолы) |
| Байбекова К.Е. (Т.А.Ә) | (қолы) |
| Халийдолда О. (Т.А.Ә) | (қолы) |